



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 15 тамыздағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36653 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология

және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 260 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 9552 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"\"Азаматтық қорғау туралы\" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 1-тармағының 25) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті анықтау жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақтың алдында мынадай мазмұндағы 1 тараудың тақырыбымен толықтырылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1 және 2–тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті айқындау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халқын қорғауды қамтамасыз ету үшін азаматтық қорғау құралдарын жинақтаудағы қажеттілікті айқындайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

азаматтық қорғау құралдары – халықты қорғау және азаматтық қорғау күштерін жарақтандыру үшін қолданылатын материалдық-техникалық мүлік;

азаматтық қорғау саласындағы жеке қорғану құралдары – зиянды және (немесе) қауіпті факторлардың әсерін болдырмау немесе азайту, сондай-ақ ластанудан қорғау үшін адамның киетін жеке пайдалану құралдары;

қосымша патрондар – ішінде іске қосылған кезде оттегін бөліп, көміртегінің қос тотығы мен су буын жұтатын химиялық заттары бар тыныс алу мүшелерін жеке қорғау құралдарының жиынтық бұйымдары;

медициналық жеке қорғану құралдары – бұл зақымдаудың алдын алу немесе зақымдау факторларының әсері салдарын азайту және асқындауының алдын алу мақсатында төтенше жағдайларда қолдануға арналған медициналық препараттар, материалдар мен арнайы құралдар;

радиациялық және химиялық барлау, дозиметриялық бақылау аспаптары – радиация деңгейін және жерді, құрылыстарды, жабдықты, көлік пен басқа да объектілерді улағыш және күшті әсер ететін улы заттармен зақымдау дәрежесін анықтауға арналған аспаптар.";

2-тармақтан кейін мынадай мазмұндағы 2-тараудың тақырыбымен толықтырылсын:
"2-тарау. Азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті анықтау".

2. "Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 265 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 9506 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 27) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есепке қою және есептен шығару қағидаларында:

1-2, 2 және 2-1 – тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Азаматтық қорғаныстың қорғану құрылыстары экономика және халыққа қызмет көрсету объектілерінің қажеттіліктері үшін қолданылады және "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген) бекітілген Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықтың 19-тармағында белгіленген мерзімде оларды паналаушыларды қабылдау үшін жұмысқа жарамды күйге келтіруді қамтамасыз ететін жағдайда ұсталады.

2. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын (оның ішінде азаматтық қорғаныстың мобильді қорғаныш құрылыстары) есепке қоюды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары, мемлекеттік органдар, сондай-ақ балансында қорғаныш құрылыстары бар ұйымдар жүргізеді.

Теңгерімінде азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары бар мемлекеттік органдар мен ұйымдар жыл сайын тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына қорғаныш құрылыстарының жай-күйі туралы ақпарат береді.

2-1. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының тізбесін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының тізбесін түзету тиісті жылдың 1 қаңтарына жағдай бойынша жыл сайын жүзеге асырылады.";

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын түгендеуді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп кемінде 3 (үш) жылда бір рет жүргізеді.

Түгендеу шеңберінде азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын кешенді тексеру жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары есепте тұрмайтын азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын анықтаған жағдайда оларды есепке қою жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының түгендеу нөмірлерін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында белгіленетін берілген реттік нөмірге сәйкес береді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару үшін құрылатын комиссияның (бұдан әрі - комиссия) құрамына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары қорының есебін жүргізетін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының өкілдері, сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс істері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі жергілікті атқарушы органның өкілдері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері келісім бойынша енгізіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қоса берілген құжаттамамен бірге Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актілерді (қағаз тасығышта) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары бекітілгенге дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға келісуге жолдайды.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актілерді қоса берілген құжаттамамен бірге олар келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды, жолданған материалдарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне бағалайды.

Ескертулер болмаған жағдайда азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актілер жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрімен келісіледі.

Келісуден бас тартылған жағдайда азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысының меншік иесіне негізделген жазбаша жауап жолданады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Басшы шешімімен құрылған комиссия азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актіні бекіткеннен кейін:

бірінші дана - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органына;

екінші дана - азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын есептен шығару туралы актіні бекіткен тиісті мемлекеттік органға;

үшінші дана - есепте тұрған азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары бар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына;

төртінші дана - азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары бекітілген ұйымға жолдайды."

3. "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 9922 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 31) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулық";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар мен олардың қосалқы факторларының ықтимал әсер етуі бойынша аумақтарды аймақтарға бөлуді ескере отырып, азаматтық қорғаныс бойынша қалалардың топтары мен ұйымдардың санаттарына, сондай-ақ ықтимал авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың сипаты мен көлемдеріне байланысты айқындалады.

Азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды топтарға, ал ұйымдарды санаттарға жатқызу "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабымен айқындалады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Химиялық қауіпті объектілерге іргелес жатқан аумақ, оның шегінде күшті әсер ететін улы заттары бар сыйымдылықтар қирауы мүмкін болған кезде соңғыларының халықты зақымдауға әкелетін шоғырланулармен таралуы мүмкін, қауіпті химиялық зақымдануы мүмкін аймақты құрайды.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары қауіпті химиялық зақымдануы мүмкін аймақты құрайтын химиялық қауіпті объектілердің есебін жүргізеді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған жұмыс істеп тұрған (құрылысы аяқталған) кәсіпорындарда азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын жобалау осы Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады

Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары әзірленеді және оған жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау материалдарының тиісті түрлері енгізіледі және қажетті негіздемелерімен жүйелі түрде жеке бөлімге (томға, кітапқа) жинақталады.

Әзірленген іс-шаралардың көлемі мен оларды өткізу мерзімі республиканың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларымен айқындалады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын әзірлеуге арналған тапсырмалар Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықтың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды әзірлеуге арналған тапсырмалардың құрамдас бөлігі болып табылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Бөлімді әзірлеу үшін шығыс деректер мен техникалық талаптарды жобалау ұйымының қатысуымен жобаға тапсырыс беруші әзірлейді.

Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары (олардың құзыреті шегінде) белгіленген аудандық жоба жай-күйі туралы шығыс деректерді, сондай-ақ бөлімді ұстау бойынша ұсынымдар мен талаптар береді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Паналайтын жерлер ядролық қарудың және қарапайым зақымдау құралдарының (тікелей түсуін есепке алмай), сондай-ақ осы Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулығына қосымшаға сәйкес апатты су басулардан, өрттен және қауіпті химиялық зақымдау

аймақтарында пайда болатын күшті әсер ететін улы заттардың негізгі топтарынан паналаушыларды қорғауды қамтамасыз етуге есептелген.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалаларды жоспарлау және салу. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарды орналастыру";

38-1 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Соғыс жағдайы кезеңінде немесе соғыс уақытында халықты зақымдаудың кәдімгі құралдарынан, оның ішінде зымырандық, авиациялық және атыс қаруынан зақымдау факторларынан қорғау үшін ең қарапайым жасырын паналар пайдаланылады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдардағы және инженерлік жүйелерде азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Электрмен жабдықтаудағы және гидротехникалық құрылыстардағы азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Электр байланыстағы, радиохабар тарату мен телевизиядағы";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Көліктегі азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Ауыл шаруашылығы малдарын, ауыл шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының өнімдерін қорғау";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Қалалық, ауылдық елді мекендерді және шаруашылық жүргізуші";

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Адамдарды санитариялық тазалауға, киім және автокөлікті арнайы өңдеуге бейімделген коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулығына қосымша".

4. "Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 510 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 11587 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 50) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидалары";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидалары " Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 50) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2 – тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау азаматтық қорғаныс жоспарларында көрсетілген қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданудың ықтимал жағдайын, ал тиісті аумақта төтенше жағдай қаупі туындаған және төнген кезде – төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын есепке алып айқындалады.

4-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын тиісті жылғы 1-10 желтоқсаны аралығында азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау, сақтау, жаңарту, әзірлікте ұстау, есептен шығару және кәдеге жарату жөніндегі ақпаратты береді."

3-тарау алынып тасталсын.

5. "Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 611 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 13905 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 26) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

26-2 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26-2. Халыққа жауапты сақтауға берілген жеке қорғану құралдарын (сүзгіш газқағарлар, респираторлар, өзін - өзі құтқарғыштар, балаларға арналған қорғаныш камералары) азаматтық қорғаныстан құлақтандыру сигналын алған және төтенше жағдайлардың туындау қаупі немесе туындауы кезінде халық өздігімен қолданады.

Азаматтық қорғаныс мүлкін беру пункттері "Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 510 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11587 болып тіркелген) бекітілген Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады."

6. "Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 139 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 30157 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесінде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жыл сайын тиісті жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша объектінің биологиялық қауіпсіздігі туралы қорытынды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына ұсынылады.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалауды жыл сайын тиісті жылдың 1 қыркүйегіне дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары белгіленген құзыреті шегінде жүргізеді. Сыртқы бағалау қорытындысы бойынша биологиялық тәуекелдердің болуына және тәуекелдерді жол берілетін деңгейге дейін төмендету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне талдау жасалады. Өткізілген іс-шаралардың нәтижелері Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетіне ұсынылады.

14. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау нәтижелері бойынша биологиялық тәуекелді жол берілетін деңгейге дейін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жөнінде ұсынымдар жасалады және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына және I және II патогенділік ПБА пайдаланатын ұйымдарға жолданады.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тасымалдау басталғанға дейін үш күнтізбелік күн бұрын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органын аумақтық органның патогенді биологиялық агенттерді тасымалдау көзделетіні туралы хабардар етеді";

16-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу қағидаларына қосымшаға сәйкес мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) ұсынады Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 35 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19987 болып тіркелген).".